



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

белгілі.

Қолданылған әдебиет

1. С.Ш.Әбенбаев «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» Алматы 2004
2. Ж.Түрікпенұлы «Тәрбие психологиясы» Алматы 2008
3. Рабочая книга школьного психолога/ Под ред. И.В. Дубровина. - СПб., 1998.
4. Степанов С.С. Психология трудных школьников: Учебное пособие. М., 1996.
5. Раттер М. Помощь трудным детям. - М., 1987.
6. Вестник КАСУ №1 - 2006.

УДК 2:008:37

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Снадин Асылбек Алтынбекұлы

asyl.rainman@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Дін тану кафедрасының
2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Избаиров. А. К.

1911-1915 жылдары Мұхаметжан Сералиннің ұйымдастыруымен шыққан «Айқап» журналына Алланы ауызға алып отыратын қазақы мінез тән. «Айқапты» шығарудағы мақсат-дүние жиып, баю емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болып, не жазса да таза жүрек, таза ниет қана болғандығын жазған еді М. Сералин. Троицк қаласында он бір нөмірі шығып, халықты оятуға күш салған журналға «Тұла бойым тұңғышым» деп еміренген Сұлтан Бақытжан Қаратаев: «Сапарың қайырлы, маңдайың ашық, жолың құтты, ғұмырың ұзақ болсын!» деп тілегін тілеп, Аллаға мінажат етеді [1].

1920 жылдары партия қатарына тазалау жүріп, «құдайға сену мен партия қатарында болу бір-бірімен қабысады деп сенесіз бе? Егер сенсеңіз, сеніміңізді қалай білдірер едіңіз? - деген құйтырқы сұрақ қойылған анкетаға жауап берген М. Сералин: «Құдайдың бар, оның мәңгілік екендігіне, жазаның бар екендігіне сенемін. Бірақ шіркеуліктің барлығын жоққа шығарамын» -деп жауап берген [1]. Жазаласаң, жазала. Өз дінімді жоққа шығармаймын деген ойды байқаған комиссия оны партия қатарынан мүлде шығармақшы болады да, кейіннен «маркстік ілімді» жете меңгерсін деген оймен кандидат етіп қалдырады.

«Сырттай қарағанда М.Сералин патша әкімшілігі белгілеген программаны қолданғанымен, іс жүзінде журнал бетінде көтерілетін мәселелердің шеңберін кеңейтті. Ол Қазақстанның XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайын, экономика, право, тарих және мәдениет мәселелерін қамтитын бірнеше бөлімдер мен рубрикалар ашты» [1].

Бұл бөлімдер мен айдарларда аты аталмаса да дін мәселелері жиі көрініс тауып отырды. Журнал бетінде әдет-ғұрыпты немесе шариғатты ұстанамыз ба? -деген тақырыптағы мақалалар біршама [2]. Мұсылмандар үшін шариғаттың орны бөлек. Сондықтан бұл журналда осы мәселенің талқылануы орынды. Өйткені Құран мұсылманшылықтың теориялық, методологиялық негізі іспеттес болса, оны толықтырып тұратын басты-басты екі кітабы бар. Олардың бірі Сунна, екіншісі Шариғат. Құран мен Суннаға негізделіп, соларды басшылыққа алып жазылған еңбек Шариғат кітабы. Әмен Жүсіпұлының «Оқыту хақылы шариғат не айтады?» деген мақаласы -Ислам дінінің таза ғылымға, білімге үндейтінін ашып айтқан сауатты шығарма. Мысалы, бұл мақалада мынадай ауқымды, зерделі ойлар айтылады: «Шариғат барлығымыздың ынтымақта болып, әрбір істе бірлікте болуымызға, барлық мұсылман бір-біріне өз туғаны секілді қарындас болуға, мынау қазақ, мынау татар, мынау башқұрт деп бөлінбеске бұйырған. Бір кісінің баласындай бір-біріне жәрдемдес болуға, зорлық-зомбылық қылудан сақтануға бұйырған. Біріне пайда келсе, екіншісі өзіне пайда келгеніне қуануға, залал келсе, қайғыруға, күнә, қастық қылмасқа, өзім ғана болсам екен,

басқалар менен төмен болса екен демеске бұйырған. Милләтке пайдалы істер болса, оған жәрдем қылуға, пайдасыз іске кіріспей алыс тұруға, пақыр, мүскін, нашарларға көз қырын сала жүруге бұйырған. Дүние, ақирет істеріміз ғылым, білімге барып тірелгендігін білімді болуға, надан қылмасқа бұйырған. Әлбетте, білген артық деп көтермелеп мақтап қойған бұл ғылым дегенге пайдалы ғалымдарымыздың барлығы да кіріссін деп. Бір ғана ғылымға кам қылып қойған, соның үшін пайдалы ғылымдардың қайсысы болса да біліп кетуге тиіс екендігі шығады. Бұлай болған соң балаларын орысша оқытуға қорқып жүрген кейбір адамдарымыз ешбір қауіп қылмай, балаларын оқыту жағын қарастырсын. Орысша оқудан адам бұзылып кетеді деп үркіге еш орын жоқ. Ғылым деген жақсы етіп тәрбиелеуден басқа залалы бар деп ойлауға болмайды. Ең өуелі балаларға жақсы етіп өз дінін танытарлық керек. Сонан соң орысша оқуға беруден қашпасқа керек» [1]. Бұдан әрі автор ғылым мен білім жөнінде Пайғамбардың айтқан сөздерін мысалға келтіреді. Пайғамбар сақабаларының біреуіне жөйіт (еврей) тілін үйренуге бұйырғанын, содан соң «бір адам басқа бір жұрттың тілін, оқуын білсе, сол жұрттың хайла, залымдылығынан сақтанар» деген сөзін де еске салып кетеді. Бұл мақала «Айқап» журналындағы дін мәселесі тақырыбына жазылған шығармалардың ішіндегі өзіндік артықшылықтарымен бірден көзге түседі. Әмен Жүсіпұлының шарифатты да терең білетіні, дүние ісінің, заман талабының қалай бет бұрғанын да ұға алатынын аңғартады.

Татарлар қазақ ішіне бұрыннан да көбірек кірді, тіпті алыс кететіндері де бар. Өз жерлерінде дін ғылымын оқуға болмайтын болған соң, қазақ жігіттері қазірде Бұқарада, Хиуа, Орынбор, Бейрут, Медине, Мекке, Стамбол, Қазан, Мысыр сықылды зор шәһарларға оқуға кеткендігіне алаңдаушылық білдіреді. Осы ойлардың жалғасын басқа да мақалалардан көруге болады. Мысалы, «К.Ғ» деген автордың «Алаштың азаматтарына»деп аталатын көсемсөз шығармасында қазақ ішіндегі дінді оқыту проблемаларына тоқталып, ел ішінде білімді молданың өте аз екендігін, жатып оқитын медресенің, ноғайдың байлары сияқты дінге жанашырлықпен қарайтын, қаржы бөлетін қазақ байларының жоқ екенін айтып, оған мынадай мысалдар келтіреді: «Амалсыз бейшара шәкірттер барды-жоқты пұлымен шет жерге шыға бастады. Қайсысы ноғай медреселеріне барып кірді. Қайсысы Ыстамболға, Мекке, Мединеге дейін кете барды. Міне, осы дүрмекпен шығып, Арабстанға кетіп жатқан қазақ шәкірттері бар еді. Алыс жерден келген, оңды тәрбие көрмеген, жөн-жосық білмейтін, таныс адамы жоқ, тіл білмейтін қазақтың баласы бір жылға шейін тұратын орын таба алмай тентіреп жүретін болды»[2]. Мақаласының соңында автор Медине шаһарындағы адамдардың қазақты білмейтіндігін, оларды мұсылман деп танымайтындығын жаза отырып, Мединеде қазақ шәкірттері үшін бір үлкен медресе салдыру керектігін, оған қазақ байлары ақша бөлсе деген тілегін айтады.

«Айқап» журналында дін мен діни-ағартушылық тақырыбына жазылған мақалалар көптеп ұшырасып отырады. Олардың қатарында Д. Айдаровтың «Ақмола шаһарының қазақтары», Атауи Шахзаманның «Шахмардан Әлжановқа бір-екі сөз» деген мақалаларын атауға болады. Соңғысында татар мұғалімі Атауи Шахзаман оқу-ағарту мәселесінде Ш. Әлжановтың пікірлеріне қарсы келіп, татар молдаларының ролі қазақ ішінде өзгеше деген пікір айтпақ болған. «Айқап» журналында «Қазақтың құдалықтарындағы кемшіліктер» [1] деген Ш. Әлжановтың мақаласында құда түсу, қалың малдың зияны туралы айтылады. Жұбайлар сыйластығының жарқын мысалы ретінде Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мен Хадиша анамыздың қарым-қатынасын салыстырады.

Сонымен бірге Шәкәрім ақсақалдың дін мен адам табиғаты туралы қойған белгілі бес өзгеше философиялық сауалдарының да мәні зор. Бес сауал мынау: Алланың адамды жаратқандағы мақсұды не? Адамға тіршілік ең керегі не үшін? Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын, рахат бейнет бар ма? Ең жақсы адам не қылған кісі? Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де, Дәлеліңіз не? Шаһкарим Хұдайбердіоғлы» [1]. Осы сұраққа жауап берген М. Дулатұлының «Адамға тіршілік не үшін керек», М. Ахметовтің «Сауалдарыңа жауап» мақалаларына тап кеткен жөн. Шәкәрімнің діни ойларындағы қайдан жаралдым, не үшін

жаралдым, түбінде не болмақпын? деген сауал Исламның өн бойынан табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы XX ғасырдың басында қазақ газет-журналдарының шыға бастауын қуанышпен қарсы алғандардың бірі екендігін оның арнау өлеңдерінен көреміз. Ол «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне арнап өлең жазды, «Таң» журналына өлең байғазы арнады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті Шәкәрім шығармаларын насихаттап, жоғары бағалады. «Айқап» журналы 1912 жылғы №17 санында Шәкәрімнің шығарған кітаптары туралы айта келіп, «әрбір кітап қадірін білген қазақтың алып оқуы тиіс. Сөзі жеңіл, қазақша һәм жазуы ұғымды» деп жазды. Журнал 1914 жылғы төртінші санында Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай Семейде ұйымдастырылған кеш туралы есепте Қазақ шежіресінің негізін құрған, қазір де өлеңмен бірнеше кітаптар жазған ақсақал Шәкәрім қажы Абайдың орнын жоқтатпайтын інісі екендігі де айтылады. Ал А. Бадыковтың «Әйелдер жайынан» мақаласында әйел теңдігі мәселесін дін жолымен шешу жолдары, әйелді оқыту керектігі сөз етіледі.

Журналдың ең көп көңіл бөлген мәселелерінің бірі – дін, әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі еді. «Айқап» қазақ тіршілігіндегі діннің, әдет-ғұрыптың кемшілік, кері кеткен жақтарын сынай отырып, елді жақсылыққа, озық ойға, болашаққа шақырады. Елді кері тартатын кесепаттың алыстан келмейтінін, оның өз арамыздағы кәдімгі дау-жанжал, ұрлық, өтірік, өсек сөзден тарайтынын, бұл кемшіліктердің кәсіпсіздіктен, білімсіздіктен тарайтынын жұрт алдына жайып салады. Мәселен, көрнекті жазушымыз Бейімбет Майлин «Ас беру» деген мақаласында қыз ұзату тойында, өлімге ас беріп, еске алуда елдің үлкен шығынға бататынын айтып, оның орнына халықты пайдалы іске, оқу-ағарту жұмысын дұрыс жолға қоюға, мектеп-медресе салуға қаражат шығаруға шақырады.

Мұхамеджан Сералиннің «Маржани» деген мақаласы діни-ағартушылық саладағы аса үлкен тұлға, Шаһабуддин Маржани туралы біршама мағлұмат береді [1]. Онда Ресей мұсылмандарының арасында ғалымдығымен аты шыққан Шаһабуддин Маржанидің 100 жасқа толып отырғаны айтылады. «...Марқұм Шаһабуддин хазіреттің мекен етіп тұрған һәм дүниеден қайтқан шаһары Қазанда һәм басқа кейбір шаһарларда марқұмның ғұмырнамасы, халқына еткен қызметі, өзінің даналығы, адамшылығы баяндалып, рухына құран оқылып, бата қылысып, мәжіліс жасалды. Сол күні қабіріне қаншама халық жиылып құран оқып, рухына дұға қылған. Бұл жиылған халықтың арасында ноғай, қазақ, кавказ һәм Түркістаннан келген жолаушылар һәм ғылым іздеген жастар да көп болған» деп жаза келіп, М. Сералин оның мұсылман дүниесінде ғалымдығымен аты шыққан адам екенін, тарих ғылымымен көп айналысқанын жазады. Сөз соңында былай деп ой түйеді: «Өткен 1914 жылы, 15-июльде алтыбас Ыбырай Алтынсариннің дүниеден қайтқанына 25 жыл толып өтті. Қазақ жұрты үшін Алтынсариннің еткен қызметі көп еді. Соны есіне алған қазақ болды ма? Жоқ. Біз культурный жұрт қатарына кіруден алыс жатырмыз» [2]. М. Сералиннің бұл мақаласы өзінің нақтылығымен, білімге уағыздауымен ерекшеленеді.

Журнал қазақ елін білімге, өнерге шақырды, оқыту сапасын жақсарту мен діни білім беруді белгілі бағдарламаға сүйене жүргізу керектігін сөз етті. Дін саласындағы оқыту ісін дұрыс жолға қою үшін көптеген шараларды жүзеге асыру керектігі айтылады. Сонымен бірге қазақ шәкірттерінің хал-жағдайының, тұрмысының тым нашар екендігіне тоқтала отырып, журнал оларға көмектесуге шақырған көптеген мақала, хабарларды да басып отырды. Білім беру мәселесін шешу үшін оқу құралдарын шығару, қазақ тілінің әліппесін жасау, діни-ағартушылық кітаптарды көбейту, жазу жұмысын бір ережеге бағындыру туралы бірсыпыра мақалалар жариялады.

Сонымен, қазақтың тұңғыш журналы «Айқаптың» бетінде жарық көрген діни мақалалардың көтерген мәселелері:

- дін мәселесін қолға алып, өз мүфтиімізді сайлау;

- дін және ғылым;

- шариғат жолы және ел басқару;

- діннің ізгілік қасиеттерін жоққа шығармай, адам бойына бала кезден дарыту. Қорыта айтқанда, «Айқап» журналы Ислам дінін ұлттың мәдени тұтастығын нығайтуға әсер ететін

күш, орыстандыру саясатына қарсы тосқауыл, әрі әлеуметтік-рухани және күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ететін құрал ретінде жоғары бағалады. Елді Исламның астарына үңіліп, ғылыми тұрғыда танып-білуге үндеді [2].

Қолданылған әдебиет

1. «Айқап». Құрастырушылар Субханбердина Ү., Дәуітов С.-Алматы:Қазақ энциклопедиясы,1995.
2. Асқаров Н. «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелердің көрінісі. Ф.ғ.к. авторефераты -Алматы: ҚҰҰ. 1999.

УДК 215: 321.01.8

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ДІННІҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Ташмакова Тилеген Мұхтаровна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,3 курс студенті, Астана,
Қазақстан

«Діннің тұтастығы – қашан да елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан баршамызға белгілі. Бірнеше дін өкілдерінен тұратын халықтардың мұсылман, христиан болып, ал бір дінді ұстанып отырып-ақ оның тармақ-тармағына бөлініп, өзара алақөз болған елдердің бастан кешіп отырған тауқыметтерін көріп те, біліп те отырмыз. Сондықтан, қалыптасқан дінге өзгеріс енгізбек болып, өздерінше жаңашылық таппақшы болып жүргендерге отпен ойнауға болмайды деген ескерту жасағымыз келеді.»

Н.Ә.Назарбаев.

Дәл бүгін елімізге қауіпті дерт – дәстүрсіздік, жалпы дінсіздік һәм ағармандарды адастыру. Кезінде мемлекет қаржысымен (кеңестік Қазақстанның) оқып-тоқыған бірсыпыра адам қазір сол мемлекеттен өрбіп шыққан Қазақстанның елдік-имандылық тұтастығына іріткі салуын жалғастырып келеді. Олар “Қазаққа болысамын ” деп ұлт бәйтерегіне өрмелеп шығады да...тарихи өзекпен жалғасқан, жапырақ жайған бұтақтарды кесе бастайды. Бұл жазғандардың қайманалығы: кесіп жатырмын деп ойламайды, әлемдік таным бұтағымен будандастырып жатырмын деп ойламайды[1,3]. Дін - мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Атақты тарихшы Л.Н.Гумилев: «Бір халықты идеологиялық тұрғыда жаулап алу қару қолданып, күш жұмсаудан арзан, әрі анағұрлым тиімді» - екенін айтқан. Сол сияқты бүгінгі мемлекеттер әскери күшпен жаулап алудан гөрі ұлттық сананы улау әдісін де кең қолдануда. Баршамызға белгілі, ұлт тарихы ажырамас екі негізден құралады: Бірі- егемендік жолындағы ерлік күрестерден құралған азаматтық тарих, ал екіншісі-ұлттың идеологиялық бағдарын орнықтыру жолында жасалған рухани тарих... Рухани тарих-ұлт тәжірибесінде жинақталған рухани ілімдер, рухани құндылықтар, ұлттық және мемлекеттік идеологиялар тарихы[4]. Бүгінде мәдени және әдеби мұраларымыздағы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан діни-рухани желіні пайымдап, тереңдей зерттеп танудың мүмкіндігі туып отыр. Тәуелсіздікпен туындаған бұл мүмкіндік төл мәдениетіміздегі рухани сабақтастықтың алтын өзегін зерделеуге жол ашады. Дінге қатысты төрт мәселе бар: діни таным, діни сана, діни сенім және діни тәжірибе. Ал діни тәжірибе-халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен рухани құндылықтарымыздың көрінісі.

Түркі дүниесіне ислам діні қағидалары сопылықты танытқан дәруіштер арқылы еніп, жергілікті халықтың сенімдік жүйесінің негізіне айналды. Түркілер дүниетанымы мен наным-сенімінен орын алған түсініктерді жоққа шығармастан, олардың рухани құндылығын арттыратын күш сопылық ілім қағидаларынан орын алды.Соның ішінде даналық хикметтері арқылы халық сеніміне иман ұялатқан Ахмет Ясауи ілімінің орны ерекше. Қожа Ахмет